

Жұқтырылған қоздырғыш тапшылығы белгісінің және туберкулездің алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 1 қыркүйектегі N 922 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.02.03. N 99 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Жұқтырылған қоздырғыш тапшылығы белгісінің (бұдан әрі - ЖҚТБ) және туберкулездің алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) құрылсын.

2. Қоса беріліп отырған:
1) Кеңестің құрамы;

2) Кеңес туралы ереже бекітілсін.

3. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 1 қыркүйектегі

N 922 қаулысымен

бекітілген

ЖҚТБ-ның және туберкулездің алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамы

Әйтимова	- Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің
Бірғаным Сарықызы	орынбасары, төрайым
Досаев	- Қазақстан Республикасының Денсаулық
Ерболат Асқарбекұлы	сақтау министрі, төрайымның орынбасары
Ерасылова	- Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау
Исидора Бекмұхамедқызы	министрлігінің "ЖҚТБ-ның алдын алу және
	оған қарсы күрес жөніндегі республикалық
	орталығы" мемлекеттік мекемесінің бас
	директоры, хатшы

Әбусейітов	- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер
Қайрат Қуатұлы	бірінші вице-министрі
Белоног	- Қазақстан Республикасының Денсаулық
Анатолий Александрович	сақтау вице-министрі
Диканбаева	- Қазақстан Республикасының Денсаулық
Сәуле Әлкейқызы	сақтау вице-министрі
Досжан	- Қазақстан Республикасының Ақпарат
Ардақ Дүкенбайұлы	вице-министрі
Тасболатов	- Қазақстан Республикасы Қорғаныс
Абай Бөлекбайұлы	министрінің орынбасары
Өскімбаев	- Қазақстан Республикасының Ішкі істер
Қажымұрат Бейісұлы	вице-министрі
Исаев	- Қазақстан Республикасының Экономика және
Батырхан Арысбекұлы	бюджеттік жоспарлау вице-министрі
Әшітов	- Қазақстан Республикасының Еңбек және
Батыржан Зайырқанұлы	халықты әлуметтік қорғау вице-министрі
Бекбосынов	- Қазақстан Республикасының Әділет
Сабыржан Мәдиұлы	вице-министрі
Ойнаров	- Қазақстан Республикасының Қаржы
Азамат Рысқұлұлы	вице-министрі
Шәмшидинова	- Қазақстан Республикасының Білім және
Күләш Ноғатайқызы	ғылым вице-министрі
Қанағатов	- Қазақстан Республикасының Туризм және
Елсияр Баймұхамедұлы	спорт жөніндегі агенттігі төрағасының
	орынбасары
Асқаров	- Қазақстан Республикасы Денсаулық
Альберт Мұхтарұлы	сақтау министрлігінің Мемлекеттік
	санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау
	комитеті төрағасының орынбасары
Қожымратов	- Қазақстан Республикасының Ауыл
Асылбек Әубакірұлы	шаруашылығы министрлігі ветеринария
	департаментінің директоры
Рақышев	- Қазақстан Республикасының Денсаулық
Ғалымжан Боранқұлұлы	сақтау министрлігі "Қазақстан
	Республикасының туберкулез проблемалары
	ұлттық орталығы" мемлекеттік мекемесінің
	директоры

Косухин - ББҰ-ның АҚТҚ/ЖҚТБ бойынша Біріккен
Александр Борисович бағдарламасының ұлттық кеңесшісі
(келісім бойынша)
Исманқұлова Гүлнара - Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының
Қазақстан Республикасындағы үйлестіру
және байланыс жөніндегі бюросының
жетекшісі (келісім бойынша)
Шарман Алмаз - Американың халықаралық даму жөніндегі
агенттігінің жұқпалы аурулар бойынша
кеңесшісі (келісім бойынша)
Сиврюкова - Қазақстанның Үкіметтік емес ұйымдары
Валентина Андреевна конфедерациясының президенті (келісім
бойынша)
Тұрмағамбетова - Адам құқықтары мен заңдылықты сақтау
Жеміс Өтегенқызы жөніндегі Қазақстандық халықаралық бюросы
директорының орынбасары
Аманжолов Нұралы - "Шапағат" АҚТҚ табылған және олардың
жақындарын қолдау қоғамдық қайырымдылық
қорының президенті (келісім бойынша)
Хамитов - "Испат-Кармет" ашық акционерлік
Мықты Хамитұлы қоғамының қызметкерлер жөніндегі бас
менеджері (келісім бойынша).
Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң
2 0 0 4 ж ы л ғ ы 1 қ ы р к ү й е к т е г і
N 9 2 2 қ а у л ы с ы м е н
бекітілген

ЖҚТБ-ның және туберкулездің алдын алу және оларға қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1. ЖҚТБ-ның және туберкулездің алдын алу және оларға күрес жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы консультативтік-кеңесші орган болып табылады. Кеңес Қазақстан Республикасының аумағында АҚТҚ/ЖҚТБ мен туберкулез таралуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды өткізудегі орталық және жергілікті атқарушы органдардың, халықаралық және басқа да ұйымдардың өзара іс-қимылын

қамтамасыз ету мақсатында құрылған.

2. Кеңестің құрамына мүдделі орталық атқарушы органдардың, халықаралық және басқа ұйымдардың өкілдері кіреді.

3. Кеңес өз қызметін Қазақстан Республикасының заңнамасына және осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

2. Кеңестің негізгі міндеттері мен функциялары

4. Кеңестің негізгі міндеттері:

1) заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді АҚТҚ/ЖҚТБ-ның және туберкулездің алдын алу және оларға қарсы күрес мәселелеріне қатысты бөлігінде жетілдіру;

2) АҚТҚ/ЖҚТБ мен туберкулез таралуының алдын алу жөніндегі іс-шараларды өткізу мақсатында орталық және жергілікті атқарушы органдардың жұмысын үйлестіру әрі халықаралық және басқа ұйымдармен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету;

3) АҚТҚ/ЖҚТБ-ның және туберкулездің алдын алу және оларға қарсы күрес бойынша негізгі бағыттарды анықтау;

4) ЖҚТБ-ға, туберкулезге және безгекке қарсы күрес бойынша Ғаламдық Қормен өзара іс-қимылды қамтамасыз ету жөнінде ұсыныстар жасау болып табылады.

5. Кеңестің негізгі функциялары:

1) заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық кесімдерді АҚТҚ/ЖҚТБ-ның және туберкулездің алдын алу және оларға қарсы күрес мәселелеріне қатысты бөлігінде жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қарау;

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 14 қыркүйектегі N 1207 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында ЖҚТБ-ның індетіне қарсы іс-әрекет жөніндегі 2001-2005 жылдарға арналған бағдарламаның іске асырылуын талдау;

3) мемлекеттік органдардың АҚТҚ/ЖҚТБ және туберкулез мәселелері жөнінде халықаралық және басқа да ұйымдармен бірлескен жұмысын қамтамасыз ету;

4) АҚТҚ/ЖҚТБ-ның және туберкулездің алдын алу жөніндегі орталық және жергілікті атқарушы органдардың іс-шараларын жетілдіру жөніндегі мәселелерді қарау;

5) ЖҚТБ-ға, туберкулезге және безгекке қарсы күрес жөніндегі Ғаламдық Қорға гранттық қаражат алуға өтінімдер беруді үйлестіру болып табылады.

6. Кеңестің өз міндеттерін іске асыру және функцияларын жүзеге асыру үшін:

1) орталық және жергілікті атқарушы органдардан және өзге де ұйымдардан Кеңестің міндеттерін іске асыру үшін қажетті ақпаратты сұратуға және алуға;

2) Кеңестің отырыстарында Кеңестің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша орталық және жергілікті атқарушы органдардың және өзге де ұйымдардың өкілдерін т а н д а у ғ а ;

3) ЖҚТБ-ға және туберкулез індетіне қарсы іс-қимыл бойынша іс-шараларды қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қабылдауға байланыста өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Кеңестің қызметін ұйымдастыру

7. Кеңесті оның қызметіне басшылық ететін, отырыстарға төрағалық ететін, оның жұмысын жоспарлайтын және Кеңес шешімдерінің іске асырылуына жалпы бақылауды жүзеге асыратын Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары басшылық етеді. Төраға болмаған уақытта, оның функциясын орынбасар атқарады.

8. Кеңестің хатшысы отырыстың күн тәртібі бойынша ұсыныстар, қажетті құжаттар мен оны өткізу үшін материалдар дайындайды және оны өткізгеннен кейін х а т т а м а н ы р е с і м д е й д і .

9. Кеңестің отырысы хаттамамен ресімделеді.

10. Шешім ашық дауыс берумен қабылданады және егер ол үшін Кеңес мүшелерінің жалпы санының көпшілігі дауыс берсе, қабылданды деп саналады. Дауыстар тең болған жағдайда төраға дауыс берген шешім қабылданды деп с а н а л а д ы .

11. Кеңестің отырыстары жылына кемінде екі рет өткізіледі.

12. Кеңестің жұмыс органы Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі болып табылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2004 жылғы 1 қыркүйектегі

N 922 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі

1. "Қазақстан Республикасында СПИД-тің алдын алу және онымен күрес жөніндегі үйлестіру кеңесін құру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер

Кабинетінің 1995 жылғы 5 тамыздағы N 1084 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1995 ж., N 27, 322-құжат).

2. "Қазақстан Республикасында СПИД-тің алдын алу және оған қарсы күрес жөніндегі үйлестіру кеңесінің құрамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 7 шілдедегі N 647 қаулысы .

3. "Қазақстан Республикасында халықты туберкулезден қорғаудың шұғыл шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 839 қаулысы 1-тармағының бірінші абзацы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1998 ж., N 30, 265-құжат).

4. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 839 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 18 желтоқсандағы N 1290 қаулысы .

5. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 4 қыркүйектегі N 839 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 614 қаулысы .

6. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 3 сәуірдегі N 397 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж ., N 10, 98-құжат).

7. "ЖҚТБ, туберкулез және безгекпен күрес жөніндегі Ғаламдық Қормен жұмысты үйлестіру мәселелері жөніндегі комиссияны құру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 20 қыркүйектегі N 1037 қаулысы .

8. "Туберкулезбен күрес жөніндегі республикалық үйлестіру кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 2 сәуірдегі N 317 қаулысының 1-тармағы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 15, 151-құжат).

9. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 5 тамыздағы N 1084 және 1998 жылғы 7 шілдедегі N 647 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 20 мамырдағы N 468 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 21-22, 212-құжат).

10. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 935 қаулысы (Қазақстан Республикасы Үкіметінің ПҮКЖ-ы, 2003 ж., N 37, 379-құжат).

11. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 7 шілдедегі N 647 және 2003 жылғы 2 сәуірдегі N 317 қаулыларына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 212 қаулысы .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК